

## ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУЫ



Өткен аптада еліміз бойынша «Nur Otan» партиясының облыстық мәслихаттардағы фракция мүшелері өздері сайланған округтерге барып, қоғамдық қабылдау өткізді. Осындай қабылдауды бүгін «Nur Otan» партиясының Ойыл ауданындағы ғимаратында Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты, жерлесіміз Талғат Салфиқов та өткізіп, аудан тұрғындарының өтініш-тілектерін тыңдады. Халық қалаулысының қабылдауына келгендердің дені өздерінің

өлеуметтік мәселелерін алға тартса, Шығанақ Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің директоры Балқия Рысбаева кене жөдігерлердің ордасы болып отырған музей үйіне жөндеу қажеттігін және арнаулы автокөліктің қажеттігін айтса, аудандық саз мектебінің үйірме жетекшілері Бекмұхамбет Махметұлы мен Бибігүл Қашкиновалар құрылысы басталып, аяқсыз қалған саз мектебіне көмек беруін өтінді.

## ҚОРДАЛЫ МӘСЕЛЕ ДЕ ҚОЗҒАЛҒАН САУАЛ ДА НАЗАРДАН ТҮСПЕЙДІ

"Бітер істің басына - жақсы келер қасына" демекші, өңір басшысы Оңдасын Оразалин өзінің бір жыл ішінде атқарған жұмысы туралы халық алдында есебін берді. Мен бұл жолы баяндаманың баянына, ондағы цифрлар мен пайыздарға тоқталайын деп отырғаным жоқ. Оны онсыз да облысымыздың түкпірінде "қара жәшікке" телмірген халық сол бойда құлағдар болды. Өйткені, бұл жолғы есеп беру форматы жағынан өзгеше-жергілікті "Қазақстан - Ақтөбе" телеарнасынан және өлеуметтік желілерде тікелей эфирде таратылды. Тұрғындар тарапынан сұрақтар толассыз сол өлеуметтік желілер арқылы да қойылып жатты. Келіп түскен жүгінулерді қабылдап, ақпаратты айшықтау және оған түшымды жауап беру мақсатында CALL-Center жұмыс жасап тұрды.

"Қаланы жанға, даланы малға толтырам" деген дөйкеөзіне бітірген ісі мен бітірер ісін бұйдалаған өңір басшысының баяндамасы мазмұнды

шықты және бастан аяқ мемлекеттік тілде өрілді. Ресми тілдегі ақпар лед-экраннын қосымша көрсеткіштермен беріліп отырды.

Бір жарым сағат есебін берген өкім, үш сағат тізесін бүкпестен мінберде халықтың қойған сауалдарына байыппен жауап берді. Өлеуметтің айтарын жеткізген өлеуетті сауал да, қоғамның қордалы мәселесін қозғаған қабырғалы сауал да, оттағанымен күйсеуі жоқ күйсіз сауал да тиісті жауабын алды.

"Барымызды бағалай алмасақ, жақсысын бізге кім берер, баянды өміріміздің бағасын білмесе, болсын дейтін кім бар, бізге?!" деп, ағынан жарылған шын жанашырдың сөзі көбімізге ой салу керек. Облысымыздың мерейін үстем етіп, мәртебесін асқақтату баршамыздың азаматтық борышымыз! Оңдасын Сейілұлы, Алла ісіңізді оңдасын!

Еркін ЖИЕНАЛИН,  
Ойыл аудандық  
мәслихатының хатшысы.

## ТАС ЖОЛ ТАБЫСЫМЫЗДЫ АРТТЫРМАҚ

Біздің аудан облысымыздың бір бүйірінде орналасқан, Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе, Атырау облысының Қызылқоға аудандарымен іргелес жатқан шалғай аудандардың бірі. Алайда осы аудандардың арасын бірде бір тас жол жалғамайды. Себебі облыс орталығымен жалғайтын Ойыл-Қобда тас жолының шеті біздің ауданмен ғана тұйықталған. Міне көп жылдардан бері қозғалып келе жатқан өзекті мәселенің бірі осы. Ойыл ауданы ауыл шаруашылығымен айналысатын аймақ болғандықтан негізгі өндірісіміз яғни басты табыс көзі мал. Жуырда ғана аудан өкімі Асқар Қазыбаевтың есебіне арнайы қатынасқан өңір басшысы Оңдасын Сейілұлы биыл Атырау облысының Қызылқоға ауданымен жалғайтын және Қараой бағытындағы жолдың 60 километріне тас жол салынаты-

нын атап өткен еді. Өрине жол мәселесін алдыңғы орынға қойып, аса мән беріп отырған облыс өкімінің бұл өрекеті шалғай аудан үшін құптарлық шешім. Демек, нарық заманында шет аудандарды назардан тыс қалдырмай отырған үкіметтің басты бағыты ілгері дамудың кепілі болмақ. Аталған бағыттағы тас жолдың салыну біз үшін, ауданымыз үшін экономикалық дамуымызға оң нәтиже береді. Көршілес жатқан қос ауданды жалғайтын күре жол саудамен қатар кәсіпкерлік нысандардың бой көтеруіне, шағын және орта бизнестің қарқынды дамуына үлкен мүмкіндік болмақ. Ендеше шалғай жатқан ауданға осында игі істі жасауды басты жоспарына енгізген өңір басшысы Оңдасын Оразалинге алғысымыз шексіз.

Сәндібек ДӘУЛЕТҚАЛИЕВ,  
Ойыл ауданы.



## «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ»

КЕШЕ АУДАНЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ» АТТЫ АУҚЫМДЫ ІС-ШАРА БОЛЫП ӨТТІ. БИЫЛ ҰЛЫ ДАНЫШПАН, КӨП ҚЫРЛЫ ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ, САН САЛАЛЫ ҒЫЛЫМНЫҢ БӘРІНЕ ДЕ ЕҢБЕКТЕР ЖАЗҒАН, «ЕКІНШІ УСТАЗ» АТАНЫП, ӨЛЕМДІК ДӘРЕЖЕГЕ КӨТЕРІЛГЕН ӘБУ НАСЫР-ӘЛ ФАРАБИДЫҢ 1150 ЖЫЛДЫҒЫ МЕН ДАНАЛЫҚ «ҚАРА СӨЗДЕРІ» МЕН МӨНГІ ӨЛМЕЙТІН АСЫЛ ӨЛЕНДЕРІМЕН ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ДАНЫШПАНЫ АТАНҒАН АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ 175 ЖЫЛДЫҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ДЕҢГЕЙДЕ ҒАНА ЕМЕС, ӨЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕ ТОЙЛАНБАҚШЫ.

Өл-Фараби мен Абай Құнанбайұлының арасын жақындастыру, оларды үндестіру, біздің халқымыздың мың жылдық рухани, мәдени-рухани дүниесін тірілту деген сөз. Қазақ топырағынан шығып, ұлы-ұлы даналық трактаттар жазып, өлем өркениетіне зор үлес қосқан Өл-Фараби мен «Кемді күн қызық дегуен тату өткіз, Жетпесе біріңдікің бірің жеткіз» – деп достық пен адамгершілікті, адами қасиеттер мен ар-ұждан тазалығын жырлап өткен ұлы Абай мұрасы қазақ халқы үшін таусылмас қазына. Қазақ халқы осы алып екі ұлымен қашан да мақтанады. Салтанатты кеште сөз алған аудан өкімі Асқар Қазыбаев Аристотель ілімін жалғастырушы, логикалық

ойлау мен ой қорытындысы туралы ғажайып трактаттар жазған Өл-Фараби және туралық пен тазалық, адам жанының қатпар-қатпар сырларын өлең жолдарымен жеткізген Абай Құнанбайұлының тереңдігін зал толы халыққа қарапайым тілмен баяндап, соңында «Өлең сөздің патшасы» деген өлеңін жатқа айтып берді.

Ал, сахна шымылдығы қазақ топырағынан шығып, сол кезде ілім-ғылымның орталығына айналған Дамаск (Шам), Мысыр, Бағдат қалаларына барып, «Қайырымды қаланың тұрғындары» атты трактаттар жазған Өл-Фараби бабамыздың жан-жақты білімдарлығы туралы бейнебаянмен басталып, ұлы ғалымның



тұлғасы сомдалған көрініспен көмкерілді.

Шығыс ақындары Физули, Хафиз, Сайхали сияқты ақындардың өлеңдерін терең зерттеген, соларды өзіне ұстаз тұтқан Абайдың даналыққа тұнып тұрған ғажайып өлең жол-

дарын жазған Абай Құнанбайұлы туралы деректі фильмнен де көрермендер көп дүниеге қанықты.

Өзі туып-өскен ортасындағы Дулат жырау, Біржан сал, Өсет, Байкөкше, Қуандық, Кемпірбай, шертпе күйдің шебері Тәттімбет күйлерімен сусындап өскен, Абай өлеңдерінің құдіреттілігі сол елі ішіндегі өнер санлақтарының өн-жырынан қанып ішкендігі, Абайдың өн туындыларының ерекше сыры – олардың поэтикалық сөзбен тікелей байланыста болуында. Сонымен қатар, Шығыс пен Батыстың әдебиетін шебер ұштастыра білген Абайдың туындылары біз үшін елі де тылсымы терең өлем.

Қытайдың ұлы данышпаны Конфуций: «Егер қандай да бір елдің билік ісі сәтті екендігін және көңіл-күйі дұрыстығын білгің келсе, оның музыкасын тыңда» – депті. Осы іс-шарада Абай өлеңдері мен қара сөздерін терең тебіреніспен орындаған оқушылар көрермендерге ой салса, «Желсіз түнде жарық ай», «Айттым сөлем, Қаламқас», «Сен мені не етерсің», «Көзімнің қарасы», «Өзгеге көңілім тоярысың» «Сегіз аяқ» сынды нәзік сезімталдықпен айтылып, кестелі мұзикалық, эмоциялық әсермен орындалатын өндерін кезек-кезек шырқаған ауданның өнер тарландары көрермендерді өн-дария теңізінде шомылдырып, сезім толқындарымен тербетті.



## АЗАМАТТЫҚ ЗАҢНАМАҒА ЕНГІЗІЛГЕН ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

ЗАҢЫ КҮШТІ ЕЛДІҢ ӨЗІ ДЕ КҮШТІ БОЛАДЫ. ОСЫ ОРАЙДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІНЕ (ӨРІ ҚАРАЙ АПК) СОТТАР ЖҰМЫСЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ФОРМАТТАРЫН ЕНДІРУ, АРТЫҚ СОТ РӘСІМДЕРІМЕН ШЫҒЫНДАРҒЫН ҚЫСКАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНЕ ТАҒЫДА БАСҚА ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЕСКЕ АЛЫНА ОТЫРЫП, ӨЗГЕРІСТЕРМЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ. АТАП АЙТҚАНДА АЗАМАТТЫҚ ІС БОЙЫНША СОТҚА ДӨЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ІСТІ ҚАРАУҒА ДАЙЫНДАЛУ КЕЗІНДЕ ҰСЫНУ ҚАЖЕТ. ЯҒНИ ОСЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІС СОТ ТALKЫЛАУЫНА ДАЙЫНДЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫН ОДАН ӨРІ ДАМЫТЫП, СУДЬЯНЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН АЗАМАТТЫҚ ІС БОЙЫНША ЗЕРДЕЛЕУ, ТАЛДАУ ЖҰМЫСЫ АУҚЫМЫНЫҢ КЕҢЕЮІНЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАЙДЫ.

Істі сот қарауына дайындық барысында аталған жаңалық деледемелердің мұқият зерттелуіне және істі бір ғана сот отырысында шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар сот талқылауына дайындық барысында тараптар деледемелер ұсынуымен бірге талабын өзгерте алады. Яғни талап қоюшы көзделген төптікке АПК-нің 169-бабына сәйкес талап қоюуын сот талқылауына дайындық барысында өзгерте алады. Талап қоюшы істі сот талқылауына дайындық аяқталғанға дейін не қосымша процесстік әрекеттерді жүргізу қажет болмағандықтан жеткіз бөлмесіне кеткенге дейін жазбаша арыз беру арқылы талап қоюдың негізін немесе нысанасын өзгертуге, талап қою талаптарының мөлшерін ұлғайтуға қауыпты беріледі.

Сонымен қатар талап арызды қараудың тәртіптері бойынша, яғни судья талап арызды өндіріске қабылдап, тараптарды сот талқылауына шақырады. Тағайындалған сот талқылауы бойынша істі өзінің қарауынсыз қарауды сұрамаған талапкер екінші шақыру бойынша сотқа келмеген ретте немесе талап қою арызын қараусыз қалдыруды сұраса, талап қаруы қарусыз қалдырылады.

Қазіргі қабылданған заңнамада дөңделуеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдары туралы, яғни іс бойынша дәлелдеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдарды сот, тараптар, сондай-ақ сарапшы және маман өздерінің осы Кодексте көзделген процесстік міндеттерін атқаруы кезінде пайдалана алатын

дығы туралы өзгеріс еңгізіліп, техникалық құралдарды пайдалану арқылы дәлелдемелерді кеңіне қолдану өрісі кеңейтілген. Осы өзгерістер қарапайым халықтың дауларды шешу барысында өуре сарсанға салынбай тез өрі тиімді шешуіне ашылған мол мүмкіндік деп санаймын. Істі қарауға қатысатын өзге адамдар заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары өз бастамасы бойынша, іске қатысатын адамдардың өтінішхаты бойынша, сондай-ақ соттың бастамасы бойынша іс бойынша жазбаша қорытынды беру үшін процеске кірісе алады.

АПК-сі істі қарауға қатысатын өзге адамдар туралы 5-1 тараудан толықтырылды, атап айтқанда істі қалыптастыруды қамтамасыз ететін, судьяның сот процесін дайындауға және ұйымдастыруға бағытталған заңды тапсырмаларын орындайтын мемлекеттік қызметші консультант туралы және оның міндеттері 56-1-бабында көрсетілген.

Консультант өз өкілеттіктерін іске асыру кезінде сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі функцияны орындауға, іске қатысатын адамдардың құқықтары мен міндеттерінің туындауына, өзгеруіне не тоқтатылуына екеп соғатын әрекеттерді жасауға, процесстік құжаттардың жобаларын дайындаумен, жабық сот отырысына қатысумен байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын

өзге де құпияны құрайтын кез келген мәліметтерді жария етуге құқылы емес.

Аталған Кодекске сотқа қатысушылардың уақытын, қаржысын үнемдеу мақсатында ақпараттық технологиялар туралы өзгерістермен толықтырулар еңгізілді. Нақты айтқанда Азаматтық процесстік кодексі 133-3-бабында іске қатысатын адамдар, олардың өкілдері, сондай-ақ куәлер, сарапшылар, мамандар, аудармашылар сот отырысына өздері мәлімдеген өтінішхат бойынша немесе соттың бастамасы бойынша техникалық байланыс құралдарын пайдалану арқылы қатыса алады. Сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану тәртібін, оларға қойылатын талаптарды соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орган осы Кодекстің талаптарын ескере отырып айқындайды. Осы өзгерістермен толықтырулар алыс жерлерде тұратын және отбасылық, жұмыс, жол жағдайына байланысты сот мәжілісіне қатыса алмайтын адамдар үшін таптырмас дүние. Бұл жасалып жатқан шаралардың барлығыда халық үшін жасалып жатқан игі істер деп түсіну қажет.

Сот отырысына қатысу үшін пайдаланылатын техникалық байланыс құралдары төрағалық етушінің іске қатысатын адамның жеке басын анықтау, сондай-ақ өкілдің өкілеттіктерін тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Мұндай техникалық мүмкіндік болмаған кезде сот отырысына қатысу құқығын іске асыруды іске қатысатын адамның тұрғылықты жері бойынша сот қамтамасыз етеді. Егер ескери қызметшілердің, емдеу мекемелеріндегі, халықты өлеуметтік қорғау мекемелеріндегі, сондай-ақ күзетпен ұстау немесе бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың іске қатысуын

қамтамасыз ету үшін осы мекемелердің техникалық байланыс құралдары пайдаланылатын жағдайда, онда жеке басты анықтау, істі қарайтын соттың оларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіргені және оларды бұзғаны үшін жауаптылық туралы ескертілгені жөнінде қолхат алу осы мекемелер өкілшілігінің жәрдемімен жүзеге асырылады. Осы аталған өзгерістермен толықтырулардағы сот отырысын тараптардың қатысуынсыз, яғни техникалық байланыс құралдарын пайдалану арқылы қарау бойынша Ойыл аудандық сотында істер қаралауда.

Сот шығыстарын тараптардың арасында бөлу бойынша сот, өзінің пайдасына шешім шығарылған тарапқа іс бойынша жұмсалған барлық сот шығыстарын басқа тараптан алып береді. Егер талап қою ішінара қанағаттандырылса, онда шығыстар талап қоюшыға – талап қою талаптарының сот қанағаттандырылған мөлшеріне пропорционалды дауды реттеудің соттан тыс тәртібін бұзуы салдарынан дау туындаса, сот істі қараудың нәтижелеріне қарамастан, сот шығыстарын осы тұлғаға жүктейді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексіне еңгізілген өзгерістер мен жаңашылдықтар даулардың ара жігін ажыратуда және уақыт үнемдеуде нақты болары және қарапайым халық үшін де қызмет етері сөссіз.

С. ТАНИМОВА,  
Ойыл аудандық  
сотының төрағасы.



«ӘСЕМ» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ» ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІН ТАМАҚТАНДЫРУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН АЗЫҚ-ТҮЛІК САТЫП АЛУ БОЙЫНША КОНКУРС

«Әсем» бөбекжай-бақшасы» тәрбиеленушілерін тамақтандырумен қамтамасыз ету үшін азық-түлік сатып алу.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін барлық өлеуетті өнім берушілер конкурсқа жіберіледі.

Конкурстық құжаттама көшірмелерінің топтамасын 2020 жылғы 2 наурыз сағат 16 -00ге дейінгі мерзімді қоса алғанда мына мекенжай бойынша: «Әсем» бөбекжай-бақшасы» МКҚК, Ойыл ауданы, Сарыбие селосы, Сарыбие ауылы Әйтеке би көшесі, 16 үй, бөлме № 2, сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін және/немесе [uul.aktobe.gov.kz](mailto:uul.aktobe.gov.kz) интернет-ресурсынан алуға болады.

«АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ» ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІН ТАМАҚТАНДЫРУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН АЗЫҚ-ТҮЛІК САТЫП АЛУ БОЙЫНША КОНКУРС

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» тәрбиеленушілерін тамақтандырумен қамтамасыз ету үшін азық-түлік сатып алу.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін барлық өлеуетті өнім берушілер конкурсқа жіберіледі.

Конкурстық құжаттама көшірмелерінің топ-тамасын 2020 жылғы 2 наурыз сағат 16 -00ге дейінгі мерзімді қоса алғанда мына мекенжай бойынша: «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» МКҚК, Ойыл ауданы, Көптоғай селосы, Тәуелсіздік көшесі, 18 үй, бөлме № 2, сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін және/немесе [uul.aktobe.gov.kz](mailto:uul.aktobe.gov.kz) интернет-ресурсынан алуға болады.

«АСАНӘЛІ» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ» ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІН ТАМАҚТАНДЫРУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН АЗЫҚ-ТҮЛІК САТЫП АЛУ БОЙЫНША КОНКУРС

«Асанәлі» бөбекжай-бақшасы» тәрбиеленушілерін тамақтандырумен қамтамасыз ету үшін азық-түлік сатып алу.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін барлық өлеуетті өнім берушілер конкурсқа жіберіледі.

Конкурстық құжаттама көшірмелерінің топ-тамасын 2020 жылғы 2 наурыз сағат 16 -00ге дейінгі мерзімді қоса алғанда мына мекенжай бойынша: «Асанәлі» бөбекжай-бақшасы» МКҚК, Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, 56А үй, бөлме № 2, сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін және/немесе [uul.aktobe.gov.kz](mailto:uul.aktobe.gov.kz) интернет-ресурсынан алуға болады.

Приобретение продуктов питания для обеспечения питанием воспитанников «Әсем» ясли-сад».

К конкурсу допускаются все потен-циальные поставщики, отвечающие требованиям конкурсной документации.

Пакет копии конкурсной документации можно получить в срок до 2 марта 2020 года, 16-00 часов включительно по адресу: «Әсем» бөбекжай-бақшасы» Уилский район село Сарбие, п.Сарыбие Ул. Айтеке би 16, кабинет № 2 с 09-00 до 18-00 часов и/или на интернет-ресурсе [uul.aktobe.gov.kz](mailto:uul.aktobe.gov.kz).

Приобретение продуктов питания для обеспечения питанием воспитанников «Айгөлек» ясли-сад».

К конкурсу допускаются все потен-циальные поставщики, отвечающие требованиям конкурсной документации.

Пакет копии конкурсной документации можно получить в срок до 2 марта 2020 года, 16-00 часов включительно по адресу: «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» Уилский район село Коптоғай, Ул. Тәуелсіздік 18, кабинет № 2 с 09-00 до 18-00 часов и/или на интернет-ресурсе [uul.aktobe.gov.kz](mailto:uul.aktobe.gov.kz).

Приобретение продуктов питания для обеспечения питанием воспитанников «Асанәлі» ясли-сад».

К конкурсу допускаются все потенциальные поставщики, отвечающие требоваиям конкурсной документации.

Пакет копии конкурсной документации можно получить в срок до 2 марта 2020 года, 16-00 часов включительно по адресу: «Асан?лі» бөбекжай-бақшасы» Уилский район село Уил, Ул. Кокжар 56А, кабинет № 2 с 09-00 до 18-00 часов и/или на интернет-ресурсе [uul.aktobe.gov.kz](mailto:uul.aktobe.gov.kz).

16 ЖАРЫҚ ШАМЫ ОРНАТЫЛДЫ



Ойыл ауылдық округіне қарасты Ақшатау, Қаракемер елді мекендерінің жарықтандыру жұмыстары жүргізілмеген шеткі көшелеріне күн сәулесінен қуат алатын жарық шамдар қондырылды. Ойыл ауылдық округінің өкімі Сәндібек Дәулетқалиев кезекті есебінде тұрғындар тарапынан қозғалған көшелерді жарықтандыру мәселелері шешімін тауып, қазіргі таңда қатар жатқан қос ауыл 16 жарық шамымен толықтырылды. Бұл мектептен қашық тұратын оқушылар үшін де кешкілік мезгілде қауіп төндірмесі анық.

ЖЕРДІ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ – МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ

Ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымды пайдалану дегеніміз өнімділіктің қажетті көрсеткіштерін алу мақсатында жерді оңтайлы пайдалану, жердің мелиоративті жағдайы мен құнарлылығының төмендеуіне жол бермеуді қамтитын ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру процесінде жер иелері мен жерді пайдаланушылардың жер ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 92 бабына сәйкес шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскесін пайдаланбау фактісі алғаш рет анықталған кезден бастап қатарынан екі жыл бойы мақсатқа сай пайдаланылмаған жағдайларда, мұндай жер учаскесі осы Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алып қоюға жатады.

Егер жер учаскесі құрылысқа арналған болса, жер уческесіне құқық беру туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жыл (егер жобалау-сметалық құжаттамада анағұрлым ұзақ мерзім көзделмесе) ішінде мақсаты бойынша пайдаланылмаған жағдайда, онда Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке тұрғын үй құрылысына арналған жеке меншігін-

дегі жер учаскесін қоспағанда, мұндай жер учаскесі осы Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алып қоюға жатады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскесі пайдаланбау фактісі алғаш рет анықталған кезден бастап қатарынан екі жыл болуы және (немесе) жемшөп дайындау мақсатында шөп шабудың болмауы;

3) жайылымдарда – жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының болмауы не олардың саны агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган белгілеген жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасының жиырма пайызынан аз болуы және (немесе) жемшөп дайындау мақсатында шөп шабудың болмауы;

4) көпжылдық екпелерде – егісті күтіп өсіру, жинау жұмыстарының жүргізілмеуі және есептен шығарылған көпжылдық екпелердің тамырларының алынбауы жатады.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесі пайдаланбау фактісі алғаш рет анықталған кезден бастап ҚР Салық Кодексінің 509-бабына сәйкес жер салығының базалық мөлшерлемелерін он есе өндіріледі.

«Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-сі

| 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТІ |     |     |                                                                                                                                                                                                                                                               |         | УИЛСКИЙ РАЙОННЫЙ БЮДЖЕТ НА 2022 ГОД |     |     |                                                                                                                                                                                                                                |         |
|-------------------------------------------|-----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|-------------------------------------|-----|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|
| 5                                         | 453 | 001 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                     | 18870   | 5                                   | 453 | 001 | Услуги по реализации государственной политики в области исполнения бюджета и управления коммунальной собственностью района (города областного значения)                                                                        | 18870   |
|                                           |     | 003 | Салық салу мақсатында мүлкті бағалауды жүргізу                                                                                                                                                                                                                | 295     |                                     |     | 003 | Проведение оценки имущества в целях налогообложения                                                                                                                                                                            | 295     |
|                                           |     | 010 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу                                                                                                                                           | 3500    |                                     |     | 010 | Приватизация, управление коммунальным имуществом, постприватизационная деятельность и регулирование споров, связанных с этим                                                                                                   | 3500    |
|                                           |     |     | Жоспарлау және статистикалық қызмет                                                                                                                                                                                                                           | 17374   |                                     |     |     | Планирование и статистическая деятельность                                                                                                                                                                                     | 17374   |
|                                           |     |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі                                                                                                                                                                              | 17374   |                                     |     |     | Отдел экономики и бюджетного планирования района (города областного значения)                                                                                                                                                  | 17374   |
|                                           |     | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                 | 17374   |                                     |     | 001 | Услуги по реализации государственной политики в области формирования и развития экономической политики, системы государственного планирования                                                                                  | 17374   |
|                                           |     |     | Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер                                                                                                                                                                                                                 | 279638  |                                     |     |     | Прочие государственные услуги общего характера                                                                                                                                                                                 | 279638  |
|                                           |     |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі                                                                                                                                                                               | 25091   |                                     |     |     | Отдел предпринимательства и сельского хозяйства района (города областного значения)                                                                                                                                            | 25091   |
|                                           |     | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                               | 25091   |                                     |     | 001 | Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области развития предпринимательства и сельского хозяйства                                                                                                   | 25091   |
|                                           |     |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                                                                                                                    | 140639  |                                     |     |     | Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения)                                                                                                      | 140639  |
| 9                                         | 454 | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                              | 18639   | 9                                   | 454 | 001 | Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог                                                                      | 18639   |
|                                           |     | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары                                                                                                                                                                               | 40000   |                                     |     | 067 | Капитальные расходы подведомственных государственных учреждений и организаций                                                                                                                                                  | 40000   |
|                                           |     | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                                                                                                                                              | 82000   |                                     |     | 113 | Целевые текущие трансферты из местных бюджетов                                                                                                                                                                                 | 82000   |
|                                           |     |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі                                                                                                                                                                                | 113908  |                                     |     |     | Отдел образования, физической культуры и спорта района (города областного значения)                                                                                                                                            | 113908  |
|                                           |     | 001 | Жергілікті деңгейде білім, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                                          | 24463   |                                     |     | 001 | Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области образования, физической культуры и спорта                                                                                                            | 24463   |
|                                           |     | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                                                                                                                                              | 89445   |                                     |     | 113 | Целевые текущие трансферты из местных бюджетов                                                                                                                                                                                 | 89445   |
|                                           |     |     | Қорғаныс                                                                                                                                                                                                                                                      | 16971   |                                     |     |     | Оборона                                                                                                                                                                                                                        | 16971   |
|                                           |     |     | Әскери мұқтаждар                                                                                                                                                                                                                                              | 3689    |                                     |     |     | Военные нужды                                                                                                                                                                                                                  | 3689    |
|                                           |     |     | Аудан (облыстық маңызы бар қала) өкімінің аппараты                                                                                                                                                                                                            | 3689    |                                     |     |     | Аппарат акима района (города областного значения)                                                                                                                                                                              | 3689    |
|                                           |     | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар                                                                                                                                                                                                 | 3689    |                                     |     | 005 | Мероприятия в рамках исполнения всеобщей воинской обязанности                                                                                                                                                                  | 3689    |
| 02                                        | 122 |     | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру                                                                                                                                                                                                            | 13282   | 2                                   | 122 |     | Организация работы по чрезвычайным ситуациям                                                                                                                                                                                   | 13282   |
|                                           |     |     | Аудан (облыстық маңызы бар қала) өкімінің аппараты                                                                                                                                                                                                            | 13282   |                                     |     |     | Аппарат акима района (города областного значения)                                                                                                                                                                              | 13282   |
|                                           |     | 006 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою                                                                                                                                                                   | 1348    |                                     |     | 006 | Предупреждение и ликвидация чрезвычайных ситуаций масштаба района (города областного значения)                                                                                                                                 | 1348    |
|                                           |     | 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар                                                                      | 11934   |                                     |     | 007 | Мероприятия по профилактике и тушению степных пожаров районного (городского) масштаба, а также пожаров в населенных пунктах, в которых не созданы органы государственной противопожарной службы                                | 11934   |
|                                           |     |     | Білім беру                                                                                                                                                                                                                                                    | 2634752 |                                     |     |     | Образование                                                                                                                                                                                                                    | 2634752 |
|                                           |     |     | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру                                                                                                                                                                                                             | 2559359 |                                     |     |     | Начальное, основное среднее и общее среднее образование                                                                                                                                                                        | 2559359 |
|                                           |     | 471 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                                                                                           | 2559359 |                                     |     | 471 | Отдел образования, физической культуры и спорта района (города областного значения)                                                                                                                                            | 2559359 |
|                                           |     | 004 | Жалпы білім беру                                                                                                                                                                                                                                              | 2418657 |                                     |     | 004 | Общеобразовательное обучение                                                                                                                                                                                                   | 2418657 |
|                                           |     | 005 | Балаларға қосымша білім беру                                                                                                                                                                                                                                  | 56158   |                                     |     | 005 | Дополнительное образование для детей                                                                                                                                                                                           | 56158   |
|                                           |     | 028 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру                                                                                                                                                                                                  | 84544   |                                     |     | 028 | Дополнительное образование для детей и юношества по спорту                                                                                                                                                                     | 84544   |
| 04                                        | 471 |     | Білім беру саласындағы өзге де қызметтер 75393                                                                                                                                                                                                                |         | 9                                   | 471 |     | Прочие услуги в области образования                                                                                                                                                                                            | 75393   |
|                                           |     |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі                                                                                                                                                                                | 75393   |                                     |     |     | Отдел образования, физической культуры и спорта района (города областного значения)                                                                                                                                            | 75393   |
|                                           |     | 009 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу                                                                                                                  | 51374   |                                     |     | 009 | Приобретение и доставка учебников, учебно-методических комплексов для государственных учреждений образования района (города областного значения)                                                                               | 51374   |
|                                           |     | 010 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу                                                                                                                                                                     | 2088    |                                     |     | 010 | Проведение школьных олимпиад, внешкольных мероприятий и конкурсов районного (городского) масштаба                                                                                                                              | 2088    |
|                                           |     | 020 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі                                                                                        | 2778    |                                     |     | 020 | Ежемесячные выплаты денежных средств опекунам (попечителям) на содержание ребенка-сироты (детей-сирот), и ребенка (детей), оставшегося без попечения родителей                                                                 | 2778    |
|                                           |     |     | Әдістемелік жұмыс                                                                                                                                                                                                                                             | 19153   |                                     |     |     | Методическая работа                                                                                                                                                                                                            | 19153   |
|                                           |     | 046 | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру                                                                                                                                                                                                                | 285104  |                                     |     | 046 | Социальная помощь и социальное обеспечение                                                                                                                                                                                     | 285104  |
|                                           |     |     | Әлеуметтік қамсыздандыру                                                                                                                                                                                                                                      | 47752   |                                     |     |     | Социальное обеспечение                                                                                                                                                                                                         | 47752   |
|                                           |     | 451 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі                                                                                                                                                                    | 43700   |                                     | 1   | 451 | Отдел занятости и социальных программ района (города областного значения)                                                                                                                                                      | 43700   |
|                                           |     |     | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек                                                                                                                                                                                                                           | 43700   |                                     |     |     | Государственная адресная социальная помощь                                                                                                                                                                                     | 43700   |
| 06                                        | 471 | 005 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі                                                                                                                                                                                | 4052    |                                     |     | 005 | Отдел образования, физической культуры и спорта района (города областного значения)                                                                                                                                            | 4052    |
|                                           |     |     | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу                                                                                                                                                                                                | 4052    |                                     |     |     | Содержание ребенка (детей), переданного патронатным воспитателям                                                                                                                                                               | 4052    |
|                                           |     | 030 | Әлеуметтік көмек                                                                                                                                                                                                                                              | 214416  |                                     |     | 030 | Социальная помощь                                                                                                                                                                                                              | 214416  |
